



А.А. Козбагаров атындағы перинатология кафедрасы.
Тәжірибелік дағды: Босанудың ІІІ кезеңін
белсенді түрде жүргізу.

Лектор: А.А. Козбагаров атындағы перинатология
кафедрасының меңгерушісі м.ғ.к. Манабаева Г.К.

2020ж.

Босанудың III кезеңін белсенді түрде жүргізу

- Студентке тапсырма: босанудың 3-кезеңін белсенді жүргізуді көрсетіңіз. Сонымен қатар емтихан қабылдаушыға жасап жатқан әрекетіңізді айтып отырыңыз.
- Дағдыны көрсету уақыты 5 минут.
- Емтихан қабылдаушыға мәлімет: төменде көрсетілген пунктер бойынша студенттің әрекетін бағалаңыз.

1	Босанушыға өткізілетін манипуляция мәнін түсіндіреміз. Қолды жуамыз. Бір реттік орамалмен сүртеміз. Бір рет қолданылатын қолғапты киеміз.	0,5	0,3	0
2	Ұрықтың алдыңғы иығы туылғаннан кейін санның жоғарғы 1/3 бөлігіне 10 ХБ окситоцин б/е енгізіледі.	0,5	0,3	0
3	Шат аралығына жақын кіндікке қысқыш салынады, бір қолда тартып ұстаймыз және жатырдың қатты жиырылуын күтеміз (әдетте 2-3 минут). Екінші қолды әйелдің қасағадан жоғары аймағына қоямыз.	1,5	0,7	0
4	Жатыр жиырылғанда және кіндік бауы ұзарғанда, кіндік бауын төмен және өзімізге қарай плацента шыққанға дейін ақырындап тартамыз, жатырдың айналуын алдын алу үшін бір уақытта екінші қолмен жатырды кіндік бауын тартқан жаққа қарама-қарсы бағытқа итереміз. Бала жолдасы шыққан кейін оны екі қолмен ұстап, ұрық қабықшалары шыққанға дейін ақырын айналдырамыз.	1,5	0,7	0
5	Бала жолдасы шыққаннан кейін бірден әйелдің алдыңғы ішперде қабырғасы арқылы жатыр жиырылғанға дейін массаж жасаймыз.	1	0,5	0

6	Бала жолдасының бүтіндігін тексереміз. Плацентаны шаршы лотокқа аналық бетін жоғары қаратып орналастырамыз және барлық бөліктерін анықтаймыз, жиектерін мұқият тексереміз. Содан кейін плацентаның аналық бетін төмен қаратып, бала жолдасын кіндік бауынан ұстап көтереміз, екінші қолды ұрық қабықшаларының ішіне енгізіп, оларды саусақтармен жазып, бүтіндігіне көз жеткіземіз.	1,5	0,7	0
7	Осы кезде ұрық қабықшаларының арасында, плацента жиектерінен шығатын, үзілген қан тамырларының бар-жоқтығына көңіл бөлеміз (үзілген тамырлар жатыр қуысында қалған плацентаның қосымша бөліктерінің бар екендігін көрсетеді).	1	0,5	0
8	Барлық қанды өлшегіш колбаға құю арқылы жоғалтқан қанның көлемін анықтаймыз. Сыртқы жыныс мүшелерін қараймыз. Егер жыртылулар анықталса, жергілікті жансыздандырып бүтіндігін қалыптастырамыз.	1,5	0,7	0
9	Қолғапты шешіп, утилизацияға арналған контейнерге тастаймыз және қолды жуамыз.	0,5	0,3	0
10	Босанған әйелдің жалпы жағдайын бағалаймыз, тамыр соғысын тексереміз, АҚ өлшейміз.	0,5	0,3	0

Максимальды берілетін ұпай саны – 10